

Мүлікті тапсырудың кейбір мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 17 қыркүйектегі N 1393 Қаулысы

Америка Құрама Штаттары Елшілігінің 2009 жылғы 12 маусымдағы N 0361/09 нотасы негізінде және 1993 жылғы 13 желтоқсанда қол қойылған Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттарының арасындағы континентаралық баллистикалық ракеталардың шахталық ұшыру қондырғыларын, апатты жағдайлардың салдарын жоюға және жаппай қырып-жоятын қарудың таралуын болдырмауға қатысты келісімді (бұдан әрі - Келісім) іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі

Қ А У Л Ы

Е Т Е Д І :

1. Келісім шеңберінде Америка Құрама Штаттарының Үкіметінен Қазақстан Республикасының Үкіметіне өтеусіз негізде келіп түскен мүлік қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес мақсатты пайдалану үшін кейіннен Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік кәсіпорындарына беру үшін республикалық меншікке

қ а б ы л д а н с ы н .

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген мүлікті қабылдап алу-беру жөніндегі қажетті ұйымдастыру іс-шараларын

ж ү з е г е

а с ы р с ы н .

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

1 7

қ ы р к ү й е к т е г і

N 1 3 9 3 қ а у л ы с ы н а

қосымша

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық

мемлекеттік кәсіпорнының еншілес мемлекеттік кәсіпорындарына берілуге тиіс мүліктің тізбесі

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Қазақстан Республикасының Ұлттық ядролық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Атом энергиясы институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнына:

Beuben маркалы тартқыш жол тракторлары (Қытайда жасалған), саны 2 бірлік, NN LBZ447DB48A005440, LBZ447DB48A005441 қорап, NN 1408F001594, 1408F001584 қ о з ғ а л т қ ы ш ;

Tnangi маркалы жол тіркеуіштері (Қытайда жасалған), саны 2 бірлік, NN LA9D8KGT48DWAC113, LA9D8DWAC144 шасси.

2. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі "Қазақстан Республикасының ұлттық ядролық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының "Байкал" шаруашылық жүргізу құқығындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорнына:

ТМ-4-3 модельді темір жол вагон тасымалдағышы (Ресейде жасалған), саны 5 бірлік , зауыттық нөмірлері ТМ-4-3-01, ТМ-4-3-02, ТМ-4-3-03, ТМ-4-3-04, ТМ-4-3-05;

күзет вагондарына түрлендірілген 61-4174 модельді жолаушылар вагондары (Ресейде жасалған), саны 2 бірлік, зауыттық нөмірлері 002 және 003.